

«Атаданалығы,әже мейірімі»

Мақсаты: Ата-анамен бала бақша арасындағы ынымақтастықты нығайту. Отбасындағы бала тәрбиесінде ата мен әженің рөлін айқындау. Бала тәрбиелеу сапасының жоғарлауына ықпал ету. Ата-әжелеріміздің көңіл-күйлерін көтеру.

Барысы:

Ұйымдастыру.

Қош келдіңіздер, құрметті ата-әжелер, ата-аналар, және әріптестер! Бүгін біз сіздермен бірлесе отырып «Ата даналығы, әже мейірімі» тақырыбында кішкентай бүлдіршіндеріміздің тәрбиесі жөнінде пікірталас кешімізді өткізбекшіміз.



Қазақтың айтулы ақыны М. Мақатаев

Сақалыңнан айналдым, қарт балар

Ұрпағыңа не айтасың артта қалар

О, тірі шежірелер, қалдырыңдар

Канекей нелерің бар салтқа жарар- деп жырлағандай қазақ отбасында ұрпағына ұлттық тәрбие беретін ата мен әженің орны қашанда ерекше саналған. Әжелеріміз ертегі аңыздарын, жыр дастандарын айтып, немере шөберелерін айтып рухани жағынан сусындатса, аталарымыз ақ батасын беріп өсиет насихаттарын айтып отырған. Балқожа би мен Зередей зерек әжесінің ертегі аңыздарын, жыр-дастандарын тыңдап, тәрбиесін алып өскен Ыбырай мен Абай аталарымыз да қазақтың ұлы тұлғасына айналды. Осындай мысалдардан-ақ атасы мен әжесінің тәлімін- тәрбиесін алған бала да күні ертең еліне елеулі, халқына қалаулы болмасына кім кепіл. Ертеректе ата-әжесінің тәрбиесін көрмей өскен бала өте сирек болатын. Ата мен әженің тәрбиесін алған баланың бойында үлкен-кішіге деген құрмет, мейірім, имандылық, рухани тәрбие көруге болатын.

Психологиялық дайындық.

Бір-біріне жүрекше беру арқылы жақсы тілектер мен лебіздер білдіру көңіл-күйлерін көтеру.

Жаттығу: «Танысу»

Шарты: Ата-әжелер аттарын айтып, Есімдерінің қасына мінезіне сәйкес келетін бір жануардың атын қосып айту керек.



Олай болса, кезекті ата-ажелеріміздің бала тәрбиесін жайындағы ой пікірлеріне береміз.

Пікір алмасу:

1. Бала тәрбиесіндегі ата мен әженің алатын орны?
2. Балаға ата-әженің тәрбиесі керек пе?
3. Бұрынғы әжелермен- аталардан қазіргі ата-ажелердің айырмашылығы қандай?
4. Сіздердің отбастарыңызда немерелеріңізге бесік жыры, ертегі айтыла ма?,
5. Бүгінгі жас ата-аналардың тәрбиесі көңілдеріңізден шыға ма?



Релаксация: «Балалық шаққа саяхат»

Қазір барлығыңыз ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді бос ұстап ыңғайлы, өздеріңізді жақсы сезініңіздер.

Қазір балалық шақты еске алып, 5 жастағы кездеріңізді еске алыңыздар. Қандай болдыңыз, қай жерде, не істеп жүрсіз, қасыңызда кім бар?

Есте қалған жағдайды толықтай көз алдыңызға елестетіңіз? (2 мин)

10 жыл өтті, сіз қандайсыз? Не өзгерді? Қай жерде жүрсіз, не істеп жүрсіз? Осы кезеңнен қандай жағдай есіңізде қалды. (2 мин)

Тағы 10 жыл өтті, енді не өзгерді? Сіз қандайсыз? Қасыңызда кімдер бар, не істеп жүрсіз? Қандай сезімдесіз? Қандай жағдай есіңізде қалды? (2 мин)

Енді балалық шаққа саяхатымыз аяқталып қалды. Кішкене уақыт тынығып, көздеріңізді ашуларыңызға болады.



Жаттығудан кейінгі талқылау.

1. Осы жаттығудан қандай әсер алдыңыздар?
2. Балалық шақтарыңызды көз алдарыңызға елестете алдыңыздар ма? Қандай жағдайлар естеріңізде қалған.
3. Балаңыздың тәрбиеленуінде ата-анаңыздың берген тәрбиесін қолданасыз ба?

Жаттығу: «Гүлді суарайық»

Сіздерге берілген гүлге немерелеріңізге жылы тілектеріңізді жазып, тарелкаға саламыз да, жанына су құямыз



Ән: «Сәулем-ай» әжелер хоры



Құрметті Ардақты ата-ажелеріміз! Дендеріңіз сау, жастарыңыз 100 ге келіп немеренің қызығын қызықтап, өнегелі тәрбие беріп жүре беріңіздер. Әр отбасына шаттық, мейірімділік, құт береке, қуаныш пен бақыт тілейміз, Әр отбасындағы ата -әжелеріміздің орны төрде болсын!

Іс –шарамызға уақыт бөліп қатысқандарыңызға алғысымызды білдіреміз. Сау болыңыздар!



Келісіді-----
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Бекітемін-----
«Болашақ» Бестамақ балабақшасы
Меңгерушісі: Курманова Л.Б

**Әжелер мектебі:
«Ата даналығы,әже мейірімі»
(әжелермен дөңгелек үстел)**



**Әдіскер: Уразалина Г.Б
Педагог-психолог: Шамшина Н.М**

Қараша,2023ж

